«Бекітілді»
«№8жалпы орта мектебі»
Мектеп директоры:
Смагулова Р.Н.
«_03» _09_2021ж.

«№8 жалпы орта мектебі»
Тәрбие ісінің меңгерушісі:
Искакова А.А.
«03» _09_2021ж.

# Үйірме жоспары
# «ЗЕРДЕҢІЗГЕ ТОҚЫҢЫЗ»

Мұғалімі:Токтыбаева Г.Р

2021-2022 оқу жылы

## Түсінік хат

Ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабамыздың салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық, батырлық сияқты қасиеттері бүгінгі өскелең ұрпаққа ауадай қажет.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген өнегелі сөзінен бала тәрбиесі жөніндегі халқымыздың өзіндік ерекшелігі, өнегелі үлгілері барлығы баршамызға белгілі.

Бала мінезінің қалыптасуына салт-дәстүріміздің тигізетін әсері көп. Мектеп ұстазы бала мектепке келген күннен бастап, оған халқымыздың әдеп-ғұрпын, салт-санасын, кәсіби шаруашылығын құлағына құя отырып, ақылды, еңбексүйгіш, адамгершілігі мол, мәдениетті, ел намысын қорғайтын, ел азаматы болып өсуін қалап, осы қасиеттерді баланың бойына дамытуды міндет етеді. Балаларды қазақтың халық ертегілері мен аңыздар, мақал-мәтелдерімен таныстырады. Салт-дәстүрді баланың жас ерекшеліктеріне байланыстыра отырып, жекелеген түрлерімен жергілікті қалалардың, ауылдардың жер-су, көше атауларымен, ұлы адамдар туралы деректермен, ұлттық этнографиялық музыка аспаптарының түрлерімен, жергілікті ақын, композиторлар, жазушылардың шығармаларымен, өлең-жырларымен таныстыратыны белгілі. Олай болса, баланың бойына ұлттық сезімдерді қазақ тілі пәнімен бірге қосымша сабақтар: факультативтер, үйірмелер, сабақтан тыс іс-шаралар арқылы жеткізіліп тәрбиелейді.

**Ұсынылып отырған үйірме мақсаты:** этнопедагогика арқылы тәрбиелеу

**Үйірме міндеттері :**

- қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне таныстыру;
- отан сүйгіштікке тәрбиелеу;
- қазақ тілінде еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту

**Үйірменің негізгі принциптері:**

- оқытудың жүйелілігі;
- реттілігі;
- пәнаралық байланыс;
- белсенділік;
- қалауы;
- жас ерекшелігін ескеру;

**Үйірменің негізгі тараулары**

- Қазақ халқының салт –дәстүрлері;
- Қазақ халқының ауыз әдебиеті;
- Қазақ халқының қазынасы-шешендік сөздер;
- Қазақ халқының тарихы.

**Үйірмені өткізу формалары:**

- ойын технологиясы;
- сахналық қойылым;
- мерекелік іс-шаралар;
- экскурсиялық жұмыстар;
- қуыршақ театры;

Үйірменің күнтізбелік жоспары.

(Айына – 2 сағаттан , жылдық сағат саны - 18)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Уақыты | Жұмыс түрі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұрпаққа тағлым | 1 | 07.09 | Сұхбат |
| 2 | Тыңдауға намыстанба,білгеніңді үйретуден жалықпа | 1 | 21.09 | Сұрақ-жауап |
| 3 | Шешендік өнер туралы | 1 | 05.10 | Эссе жазу |
| 4 | Үгіт-насихаттар туралы | 1 | 26.10 | Жарнама жасау |
| 5 | Қарттық пен жігіттік туралы | 1 | 09.11 | Сұхбат |
| 6 | Кәсіптік білім үйрену туралы | 1 | 30.11 | Эссе жазу |
| 7 | Шығыс даналығы | 1 | 07.12 | Шығыс.ғалымдарымен.танысу |
| 8 | Атадан қалған өсиет(Қорқыт атаның өсиет-нақыл сөздері) | 1 | 28.12 | Талдау,жаттау |
| 9 | Шешендік сөздер-халық қазынасы | 1 | 11.01 | Сөйлеу стилі туралы |
| 10 | Не тәтті?Дүниеде не өлмейді? | 1 | 25.01 | Оқу,мазмұндау |
| 11 | Жеті қазынаның бірі | 1 | 08.02 | Сурет салу |
| 12 | Байлық,бақыт,ақыл | 1 | 22.02 | Мақал-мәтел |
| 13 | Қазақтың тыйым сөздері | 1 | 15.03 | Табу деген не сұрақ төңір.ж |
| 14 | Ақиқат пен уақыт | 1 | 29.03 | Мақал-мәтел.А.Қ қара сөздері |
| 15 | Өмірден өзек алған ойлар | 1 | 05.04 | Эссе жазу |
| 16 | Абзалдық әліппесі | 1 | 19.04 | Слайд жасау |
| 17 | Достық пен махаббат | 1 | 03.05 | Сұрақ-жауап |
| 18 | Уақытты безбелдеу | 1 | 10.05 | Сұрақ-жауап |
| | | | | |